

**Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясының
№3 педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесінен үзінді**

23.09.2025ж

Қатысуы керек: 233

Қатысқаны: 230

Күн тәртібінде:

1. Мектептің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы- Ербозымова М.Н. – мектеп директоры м.у.а.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2012 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы – Білім беру ұйымдарының қызметін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім сапасын қамтамасыз ету комитеті

2024 жылғы 23 қазандағы №25 бұйрығы – «Ақтөбе облысының 2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы». Осы нормативтік құжаттар негізінде мектеп қызметінің тиімділігін әділ талдау және білім сапасын арттыру мақсатында өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып отыр. Мектептің білім беру қызметінің сапасын арттыру және мемлекеттік аттестаттауға сапалы дайындық жүргізу мақсатында өзіндік талдау мен әділ бағалау жұмыстарын жүргізу.

Білім беру ұйымының жұмыс сапасын бағалау және жетілдіру бағыттарын айқындау;

1. Комиссия құрып, өзін-өзі бағалау жоспарын бекіту;
2. Ішкі бақылау нәтижелерін, оқу жетістіктерін және педагог кадрлардың әлеуетін сараптау;
3. Мемлекеттік стандарттарға сәйкестігін талдау;
4. Білім сапасын арттыру бойынша нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

Өзін-өзі бағалау жұмысының бағыттары:

1. Білім беру процесі мен мазмұнының сапасы
2. Педагог кадрлардың біліктілігі мен кәсібилігі
3. Оқушылардың оқу жетістіктері мен тәрбиелік деңгейі
4. Мектептің басқару және бақылау жүйесі
5. Материалдық-техникалық база және қауіпсіз орта
6. Мектеп пен қоғамның өзара байланысы

Нәтижесінде:

- Мектеп қызметінің күшті және әлсіз жақтары анықталады;
- Даму стратегиясы мен нақты іс-шаралар жоспары қалыптасады;
- Ішкі сапа мәдениеті нығаяды;
- Мемлекеттік аттестаттауға дайындық сапасы артады.

Өзін-өзі бағалау – мектептің үздіксіз даму құралы. Бұл жұмыс нәтижесінде білім беру сапасы артып, педагогикалық ұжымның кәсіби жауапкершілігі мен бірлігі нығаяды. Білім беру ұйымының қызметіне өзін - өзі бағалау жұмысын ұйымдастыру үшін төмендегідей комиссия құрамы ұсынылды:

Ербозымова М.Н. – комиссия төрағасы, мектеп-гимназия міндетін уақытша атқарушы;
Шамгунова Б.С. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; комиссия мүшесі
Садыкова Б.Х. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; комиссия мүшесі
Давлетова Н.К. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; комиссия мүшесі
Черниязова Ж.Б. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; комиссия мүшесі
Сарина С.Р. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; комиссия мүшесі
Ермухамбетова А.Ж. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; комиссия мүшесі
Қиынбаев С.К. - директордың әкімшілік-шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары; комиссия мүшесі
Худайбергенов Н.М. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; комиссия мүшесі
Көбейсін Ә.К. - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары; комиссия мүшесі
Рашидқызы Ж. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары; комиссия мүшесі
Хатшы – Орынбасарова Г.Е. – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;

Комиссия мүшелеріне нақты бағыттар бойынша тапсырмалар бөлініп, өзін-өзі бағалау жоспары бекітіледі.

Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бекітіліп, жоспар құрылып бекітілді. Мектеп әкімшілігі тарапынан сұралған қажетті құжаттарды педагогтер тарапынан уақытылы тапсыруы қажет.

Мектеп қызметін өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңесте қаулы қабылданады.

Қаулы:

1. Мектептің өзін-өзі бағалауы ұйымдастырылсын;
2. Мектептің өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу мақсатында комиссия құрамы бекітілсін;
3. 4 және 9 класс оқушыларының дайындығы күшейтілсін;

Педагогикалық кеңес төрағасы
міндетін уақытша атқарушы:

Хатшы:



М.Н. Ербозымова

Г.Е. Орынбасарова